

М.О. Жұмағұлов¹

*¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
«Әлеуметтану» мамандығының 3 курс докторанты
(Алматы қ., Қазақстан)*

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАРДЫҢ РӨЛІ

Андатпа

Мақала жастарды құқықтық санасын қалыптастыр ісінде әлеуметтік институттардың ролі мен маңызына арнаған. Әлеуметтік институттардың қатарында отбасы, мемлекет, білім беру мекемелері, діни мекемелер, кәсіпкерлік және бизнесті қолдаумен айналысатын мекемелер қарастырылды. Құқықтық мәдениеттің саласы ретінде құқықтық сана маңызды орынға ие. Жастар ел болашағы деп танылғандықтан, олардың құқықтық тәрбиесіне ерекше мән берілуі тиіс. Жастардың құқықтық санасының деңгейі – қоғамның даму көрсеткіші іспеттес. Сондықтан ел болашағы жарқын болсын десек, биліктегі аға буын өкілдеріне бастап, отбасындағы ата-анаға дайын барлығымыз осы жастардың құқықтық санасын қалыптастыру ісіне жұмыла кірісуіміз қажет.

Түйін сөздер: *құқықтық тәрбие, құқықтық сана, жастар, қоғамдық сана, мемлекеттік саясат, құқықтық мәдениет жүйесі.*

М.О. Zhumagulov¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
3 year doctoral candidate in the specialty "Sociology"
(Almaty, Kazakhstan)*

THE ROLE OF SOCIAL INSTITUTIONS IN THE FORMATION OF LEGAL CONSCIOUSNESS OF YOUNG PEOPLE

Abstract

The article is devoted to the role and significance of social institutions in the formation of legal consciousness of young people. Among the social institutions considered are the family, the state, educational institutions, religious institutions, organizations engaged in entrepreneurial activities and business support. Legal consciousness as a sphere of legal culture occupies an important place. Due to the fact that young people are recognized as the future of the country, special attention should be paid to their legal education. The level of legal awareness of young people is an indicator of the development of society. Therefore, we must unite in forming the legal consciousness of these young people, starting from the representatives of the older generation in power to the ordinary parents in the family.

Keywords: legal education, legal consciousness, youth, public consciousness, state policy, legal culture system.

М.О. Жұмағұлов¹

*¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
докторант 3 курса по специальности «Социология»
(Алматы, Казахстан)*

РОЛЬ СОЦИАЛЬНЫХ ИНСТИТУТОВ В ФОРМИРОВАНИИ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ МОЛОДЕЖИ

Аннотация

Статья посвящена роли и значению социальных институтов в деле формирования правового сознания молодежи. В числе социальных институтов рассмотрены семья, государство, образовательные учреждения, религиозные учреждения, организации занимающиеся предпринимательской деятельностью и поддержкой бизнеса. Правовое сознание как сфера правовой культуры занимает важное место. В связи с тем, что молодежь признана будущим страны, особое внимание должно уделяться их правовому воспитанию. Уровень правового сознания молодежи является показателем развития общества. Поэтому мы должны объединиться в деле формирования правового сознания этой молодежи, начиная с представителей старшего поколения во власти до рядовых родителей в семье.

Ключевые слова: правовое воспитание, правовое сознание, молодежь, общественное сознание, государственная политика, система правовой культуры.

Кіріспе

Кез-келген құқықтық мемлекеттің басты белгісі халықтың, атап айтқанда жастардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейі, сондай-ақ әр түрлі қызметтердегі кәсіби мәдениеттің қалыптасуы. Құқықтық мәдениет қоғамның жалпы мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасу үдерісі азаматтардың, әсіресе жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырумен тікелей байланысты. Құқықтық мәдениеттің маңызды компоненті ретінде құқықтық сана қоғамның жаңғыруында маңызды роль атқарады. Жастардың құқықтық санасының деңгейі – қоғамның даму көрсеткіші іспеттес.

XIX және XX ғасырларда жазылған ғылыми әдебиеттерде құқықтық сана мәселелесі біршама жақсы зерттелген (В.Б. Александров, Р.С. Байниязов, П.П. Баранов, Е.А. Белканов, А.А. Бондарев, И.А. Ильин, В.И. Каминская және т.б.). Құқықтық тәрбие мен білім беруді бір-бірін толықтыратын үдерістер ретінде қарастыру қажет. Құқықтық тәрбиені қоғам мен мемлекетке қатысты құндылықтарды, ұстанымдарды, мақсаттарды, қызметті ынталандыру мен бағалауға, оларда қабылданған моральдық және заңнамалық нормаларға бағытталған жеке тұлғаға әсер етудің ерекше нысаны ретінде анықтауға болады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңына сәйкес жастар – он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары [1]. Сол азаматтардың құқықтық санасының негіздері жас кезде қалыптасып, адамның бүкіл өміріне әсер етеді. Қолданыстағы Заңнамада жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу бағыттары айқындалған.

Құқықтық сана-сезім категориясы екі терминнің қосындысынан туындаған. Егер құқықты біз адамдардың қарым-қатынасын реттейтін мемлекеттік билік белгілейтін және күзететін ормалар мен ережелердің жиынтығы, сондай-ақ осы нормаларды зерттейтін ғылым саласы ретінде қарастырсақ, И.Л. Вершок сананы «қоршаған әлемді қабылдаудың, бейнелеудің және елестетудің ерекше, биопсихофизикалық үдерісі» деп анықтайды [2; 43 б.].

Нақты өмірде жастар өздерінің құқықтарын, міндеттерін және тең құқылығын шектейтін көптеген кедергілерге жиі тап болады. Олардың қатарына құқықтық жүйенің жетілмегендігін, жасы бойынша кемсітушілікті (эйджизм), құқықтық білім деңгейінің төменділігін, құқықтық қорғалудың әлсіздігін және т.б. жатқызуға болады. Осының бәрі сайып келгенде жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға теріс әсер етеді және жастар ортасында девиацияның әр түрлі формаларына әкеп соғады.

Демек, мәселе бір жағынан, жастардың құқықтарын қалыптастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құқықтық жүйенің жетілмеуінен, ал екінші жағынан, сол жастардың құқықтық санасының төмен деңгейінен туындайтын қайшылықтардың тұрады. Құқықтық сана дәрежесін қажетті деңгейге көтеру қоғамның әлеуметтік институттарының жетілуіне байланысты. Негізгі әлеуметтік институттарға дәстүрлі түрде отбасын, мемлекетті, білім беру мекемелерін, діни мекемелерді, ғылым және құқықты жатқызады.

Негізгі бөлім. Отбасы.

Азаматтық қоғам институттары өмір құндылықтары мен қазіргі адамның мінез-құлық нормаларын үйлестірудің және бекітудің қуатты құралы болып табылады. Бұл ретте олардың әсері пайдалы, әсерлі де болуы мүмкін немесе мінез-құлыққа теріс әсер беруші, бұзушы да болуы мүмкін.

Отбасы – жеке индивидтерді тұрмыс ортасымен және өзара моральдық жауапкершілігімен байланыстыратын ең маңызды әлеуметтік туыстық институт. Отбасында оң қажеттіліктер мен адамның мүдделері қалыптасатыны баршаға аян. Сонымен қатар, осы әлеуметтік институт, ата-аналардың жалпы мәдениеті мен адамгершілік деңгейінің төмен болуынан, қолайсыз психологиялық атмосфера себебінен тұлғаның адамгершілік-құқықтық түсінігі мен мінез-құлқының деформацияланыуының қайнар көзі де болуы мүмкін. Дәл осы отбасы арқылы бала ата-аналардың адамгершілік және құқықтық тәжірибесін және сол арқылы алдыңғы ұрпақтан мирас етіп қалған салт-дәстүрлер мен білімді игереді.

Отбасының тәрбие институты ретіндегі маңызы баланың өз өмірінің маңызды бөлігі болып табылатындығымен және жеке тұлғаға өзінің әсер ету ұзақтығы бойынша тәрбиелеу институттарының бірден-бірі, әрдайым жоғары адамгершілік құндылықпен, сүйіспеншілікті іске асыру саласымен, кемелдікке, тұтастыққа, болмыстың толысуына жеткізуімен отбасымен теңесе алмайды.

Мемлекет

Мемлекет – қоғамды басқаруды жүзеге асыратын және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі саяси институт. Құқықтық мәдениет деңгейін арттыру мақсатында мемлекет орта білім, кәсіптік білім мен колледждерде, жоғары оқу орындарында құқықтық білім беру қызметін белсенді ұйымдастыруы қажет. Құқықтық сананы мемлекет тарапынан айқындайтын басты шарт моральдық-адамгершілік сана деңгейі. Моральдық-адамгершілік сананың үлкен мәні - моральдық-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға айтарлықтай әсер ететіндігінде.

Түрлі мемлекетті құжаттарда, сондай-ақ мемлекет ұйымдастыратын нақты іс-шараларда көрініс табуы мүмкін адамгершілік бағдарланған мемлекеттік идеологияның болуы, тұлғаға әсер етудің белгілі бір құралы бола алады. Жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға ықпал ететін екінші маңызды фактор – мемлекет пен қоғамның өмір сүруі мен дамуының объективті шарттары. Қандай да бір мемлекетте орын алған барлық теріс және оң құбылыстар кез-келген азаматтың құқықтық санасын айқындайды. Мысалы, сыбайлас жемқорлық сияқты құбылыс құқықтық санаға тікелей әсер етеді.

Билік өкілдері барлық жерлерде өз тарапынан көрсететін құқыққа деген әдепсіз қарым-қатынасы жалпы қоғамға әсер етпей қоймайды. Билік өкілдері өсіп келе жатқан ұрпаққа үлг-өнеге болуы тиіс. Бұл жастардың теорияда алған білімдерін тәжірибеде бекітуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекет әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге және соның салдарынан өз азаматтарының құқықтық санасын қалыптастыруға қолайды жағдай жасауы қажет.

Жоғары оқу орны

Жастардың құқықтық тәрбиесінің қайнары ретінде ЖОО сияқты әлеуметтік институттарды жатқызауға болады. Демек, осы мекемелерді жастарға оң әсер ету үшін және оны қоғам қабылдаған құндылықтар мен патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында жаңғырту қажет.

Жастардың, атап айтқанда оқушылар мен студенттердің құқықтық санасын қалыптастыру құқықтық білім беру ісімен, құқықтық ағартумен және құқықтық насихаттаумен байланысты. Сонымен қатар, ЖОО-да білім беру құқықтық білімді жүйелейді және пысықтайды. Студент жастардың бұл саладағы білімдерінің аздығы бірқатар себептерге байланысты. Олардың қатарында – өмір тәжірибесінің аздығы, жас ерекшелігі, адамдармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің болмауы.

Жастардың құқықтық санасы қалыптасу сатысында болғандықтан, оларда ересек адамға қарағанда құқықтық дүниетаным тұрақсыз болып табылады. Сондықтан болар олар позитивті де, жағымсыз да әсерге көбірек бейім, бұл олардың азаматтық ұстанымын таңдау және айқындау кезінде көрініс береді.


Жас ұрпақты құқықтық оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады, ал қалыптасқан патриотизм пен азаматтылық сезім – бұл азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өмір сүруі мен дамуының міндетті шарты мен факторы.

Діни мекемелер

Діни мекеме – біртұтас діни сенім негізінде құрылған діни институт. Адамгершілік-құқықтық, руханилық тәрбиенің күрделі міндетін қазіргі заманда діни мекемелер де атқарып келеді. Бұл жерде адамның жауапкершілігі тәрбиеленеді, тұлғаның қадір-қасиеті дамиды.

Әр адамның ар-ожданына әсер ете отырып мешіттер және шіркеулер қазіргі қоғамды құртып жатқан – маскүнемдік, нашақорлық, құқықтық нигилизм және т.с.с. теріс қылықтарды жеңуде және алдын алуда үлкен рөл атқарады. Әрине дінді шектен тыс фанаттық әуестендіру, түрлі бағыттағы діни секталардың қызметіне қатысу тұлғаның өмірлік бағдарын жоғалтуға, адамгершілік және құқықтық жағынан құлдырауына әкеп соқтыруы мүмкін екендігін де мойындау қажет.

«Жастар» ҒЗО-ның қазақстандық жастардың арасындағы негізгі өзекті мәселелері бойынша жүргізген әлеуметтік зерттеу деректеріне сәйкес, жастардың жеке қауіпсіздігіне төнетін 10- қауіп-қатерлер арасында біздің жастарымыз діни экстремизм бойынша сегізінші орнында иеленді. Респонденттердің 6,8 % - ы осы қауіп-қатерді көрсетті [3; 98 б.].



Кәсіпкерлік және бизнес

Бүгінгі күні Қазақстанда белсенді дамып келе жатқан кәсіпкерлік және бизнес саласы да жастардың тұлғасын қалыптастыруға елеулі әсер ете алады. «Атамекен» ҚР ҰКП кеңесші органы ретінде құрылған жастар кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі кеңесі осы бағытта белсенді қызмет атқаруға бел бууда. Бұл кеңес – Қазақстанда осы саланы дамыту және мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара іс-қимылын үйлестіру үшін қажет шаралар кешенін әзірлеу, сарапталық бағалау және ілгерілету үшін құрылды. Кеңестің негізгі міндеті жастар кәсіпкерлігін тиімді қолдау мен дамытудың қазіргі заманғы тетіктерін әзірлеу.

Әрине материалдық саланың рухани саладан жоғары тұруы тұлғаның, әсіресе жастардың азғынуына әкеп соғады. Алайда егер жас тұлғаның дамуына қажетті қаржылық жағдайдың тұрақтануына себепші болар кәсіпкерлікті дамыту шаралары дұрыс жолға қойылса онда материалдық және рухани азық адамның дамуындағы шарықтау шегін жетуге мүмкіндік туғызар еді.

БАҚ

Масс-медианың адамның барлық саналы өмірінде қатар жүретіні де естен шығармауымыз қажет. Адамгершілік-құқықтық мәдениетті қалыптастырудың барлық субъектілерінен бұқаралық ақпарат құралдары ғана адамдардың санасына үздіксіз әсер етеді. Қоғам заманауи бұқаралық коммуникация

құралдарының жастардың ұстанымдары мен мінез-құлқаны үлкен әсертуші күш болып табылатындығын жете түсінеді. Сонымен қоса, ол әсер әрдайым оң сипатқа ие емес. Дамыған әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар, шексіз ғаламтор жастар санасына көбіне кері әсер тигізуде.

БАҚ жастарда жалған құндылықтар мен өз бетінше шешім қабылдауға қабілетсіздік қасиетін қалыптастырады. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттандырумен және тәрбиелеумен емес, эволюция барысында қызметіне оң және теріс әсер берген өмір салтын насихаттаумен айналыса бастады. Бір жағынан, халықты ақпараттандырудың жеделдігі артты, ал екінші жағынан, БАҚ-ын техникалық және мазмұндық жағынан түбегейлі жаңғырту, оның коммерциализациясына, саяси және идеологиялық көзқарастардың монополиялануына, фактілердің бұрмалануына және әртүрлі топтардың мүдделеріне қызмет етуіне алып келді [4; 16 б.]

Бұқаралық ақпарат құралдары қалыптастыруға ат салысатын қандай да бір құндылықтар, әлеуметтік және адамгершілік-құқықтық нормаларды қабылдау не жоққа шығару үдерісі белсенді зерделенуі және бақылауда болуы тиіс. Тек сол кезде ғана БАҚ мазмұнының теріс әсеріне қарсы тұруға және оларды қоғамдық және жеке сананы манипуляциялау құралынан, рухани қайта жаңғырудың, адамгершіліктің артуының, құқықтық сананы қалыптастырудың қуатты құралына айналдыруға болады.

Қорытынды

Бүгінгі таңда жас ұрпақ қоғамдағы негізгі идеяларды тудырушы қайнар көздердің бірі болып табылады. Жастардың ұстанымына байланысты ол идеялар қоғамның прогресіне немесе құлдырауына, инновацияларға немесе террористік актілерге әкелуі мүмкін. Жастар ортасында жетілген құқықтық санасыз, жастардың азаматтық жетілуінсіз, олардың жоғары әлеуметтік белсенділіктерінсіз, экономикалық, рухани және демографиялық қызметке тиісті дәрежеде араласпауынсыз жастардың болашағы ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына қауіп төнеді. Жастар қоғамның құқықтық жүйесіндегі бүгін орын алып жатқан өзгерістерінің болашақта жемісін көретін белсенді тобы және осыдан қоғамның құқықтық санасын қалыптастырудың жаңа тәсілдері мен тетіктерін іздеудің өзекті мәселе екендігі жөнінде қорытында жасауға болады.

Азаматтардың адамгершілік және құқықтық санасын арттырудағы әлеуметтік институттардың рөлі мәселесі туралы пайымдай отырып, келесі маңызды жағдайды ескеру қажет.

Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуының қазіргі кезеңінің ерекшелігімен тығыз байланыста тұлғаның құқықтық санасын қалыптастыру мәселесін зерттеу өзектілігі мен тереңдігі аталған институттардың оң әсерін белсенді және мақсатты түрде күшейту тетіктерін табу, сондай-ақ олардың теріс әсерінің ықтимал салдарын бейтараптандыру немесе еңсеру тетіктерін әзірлеу мақсатында азаматтық қоғамның түрлі институттарының жастардың құқықтық санасының дамуына конструктивті, сондай-ақ деструктивті ықпалының ерекшеліктерін анықтауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы.
2. Вершок И.Л. Об экологическом правосознании // Государство и право. – 2003. – №3. - С. 42-50
3. «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана - 2019». «National report Youth of Kazakhstan – 2019». Ойшыбаев К.Б., Қайдарова А.С., Каримова Ж.К., Әшімханова Д.Ә., Батталова Ж.С., Родионов А.Н., Ким Е.М., Жампеисов Д.А., Шаповал Ю.В., Касымбеков А.М. // «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2019 ж. – 278 б.
4. Майкова В.П. СМИ как важный фактор формирования общественного сознания: автореферат диссертации канд. филос. наук. М., 2003.

References:

1. «Memlekettik zhastar sayasaty turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhyly 9 aqpanday № 285-V Zanu.
2. Vershok I.L. Ob ekologicheskoy pravosoznaniy // Gosudarstvo i pravo. – 2003. – №3. - S. 42-50
3. «Qazaqstan zhastary - 2019» Ultyq bayandamasy. Nacional'nyj doklad «Molodezh' Kazahstana - 2019». «National report Youth of Kazakhstan – 2019». Ojshybaev K.B., Kajdarova A.S., Karimova ZH.K., Ashimhanova D.E., Battalova ZH.S., Rodionov A.N., Kim E.M., ZHampeisov D.A., SHapoval YU.V., Kasymbekov A.M. // «Zhastar» zhylymi-zertteu ortalygy, 2019 zh. – 278 b.

4. *Majkova V.P. SMI kak vazhnyj faktor formirovaniya obshchestvennogo soznaniya: avtoreferat dissertacii kand. flos. nauk. M., 2003.*